

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Шөл өсімдіктері мен жануарлары

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58299/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Калдыгарина Жайнагул Ильясовна

Мақсаты: Шөл өсімдіктері мен жануарлары жайлы түсіндіру. Теориялық ойлауын, сөздік қорын, табиғат құбылыстарының ұқсас болатыны, ерекшелігі туралы ойын дамыту.

Табиғатқа жанашыр, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сабақ типі: аралас сабақ

Көрнекілігі: суреттер, энциклопедия

Әдісі: түсіндіру, әңгімелеу, көрнекілік, сұрақ — жауап, талдау, жинақтау

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу, түгендеу, оқушылардың зейінін, назарын сабаққа аудару.

II. Білімді тексеру кезеңі:

1. Сұрақтарға жауап алу.

— Шалғынды аймақ пен далалы жердің өсімдіктері мен жануарлары тіршілігіндегі ұқсастық пен айырмашылық туралы не айта аласыңдар?

— Бөдене тіршілігі мен суыр тіршілігі жайлы не білеміз?

Оларды қорғаудың қандай маңызы бар?

III: Жаңа материалды түсіндіру кезеңі:

Кіріспе:

— Шөл дала дегенде көз алдарыңа қандай дала елестейді?

— Шөл даланың өсімдіктері, жануарлары туралы не білесіңдер? Осы сұрақтарға жауап алғаннан жаңа сабақты түсіндіру.

Шөл — суға тапшы аймақ. Оның ауасы, топырағы құрғақ, өсімдіктері селдір, сирек болып келеді. Шөл — құмды, сортаңды, сазды, тақыр, тастақты шөлдерге ажыратылады. Құмды

шөлдер жазықты жерлердің борпылдақ тау жыныстарының үстінде қалыптасады.

Оқулықпен жұмыс.

1-топ: Құмды шөлдер бөлігін оқу.

2-топ: Тақыр шөлдер бөлігін оқу.

3-топ: Сортаң шөлді оқу

4-топ: Шөлді жерлердің жануарларын оқу.

IV. Сергіту сәті.

Топтық жұмыс:

1 — топ: Шөл өсімдіктерін «Менің алғашқы энциклопедиядағы» мәліметтерінен топтастыру.

2 — топ: Шөл жануарларын «Оқушының алғашқы энциклопедиясындағы» мәліметтерінен топтастыру.

3 — топ: Шөл және дала жануарларын сәйкестендіру.

4 – топ: Шөлге 5 жолды өлең құрастыру.

1. Не? Шөл
2. Қандай? сортаң, құрғақ.
3. Өнеді, тіршілік етеді, өседі
4. Шөл – суға тапшы аймақ.
5. Сортаң жер

6. Бекіту кезеңі:

Тест.

1. Шөлді жерді мекендейтін жануар
 - а) қасқыр
 - в) арқар
 - с) кесіртке
2. Дала өсімдігін ата.
 - а) селеу
 - в) жусан
 - с) қарағай
3. Улы өсімдікті белгіле.
 - а) боз
 - в) бетеге
 - с) сарғалдақ
4. Қайсысы артық?
 - а) шалғынды, орманды
 - в) дала, шөл

- с) қала, ауыл
- 5. Күріш қай облыста өсіріледі?
 - а) Батыс Қазақстан облысы
 - в) Қызылорда облысы
 - с) Талдықорған облысы

VI. Рефлексия

Екі жұлдыз, бір тілек.

VII. Үйге тапсырма беру кезеңі: 65 – 68 — беттерді оқу, мазмұны.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.